

ИСЛАМ МƏДЕНИЯТИ




Ислам (араб.: الإسلام)


— Аллаға мойынсұну,
бағыныштылық) — Аллаһтың
адамзатқа жіберген ақырғы діні



Ислам діні ұстанатындардың саны жағынан Христиан дінінен кейінгі орынды алып, әлем халқының 20% құрап, қазіргі таңда 1.62 миллиард адам өздерін мұсылмандыққа жатқызады. Ислам VII ғасырының басында Арабия түбегінде тарала бастаған.




Ислам діні Аллаһтан Жәбірейіл
періште арқылы Мұхаммед
пайғамбарға صلی الله
عليه وسلم түсірілген аян
болып табылады.



Мұхаммед (араб.: محمد, 570, Мекке — 632 маусымның 8, Мәдине) — Исламды бізге толық түрде жеткізген пайғамбар, Мекке қаласында туылған, құрайыш тайпасынан шыққан. Аллаһтың соңғы елшісі, тура дінді насихаттаушы, әділеттің көркем мінезділіктің нышаны және үлгісі боп табылады. Бұған қоса — соңғы пайғамбар, Мұсылмандар түсінігінде тек арабтардың пайғамбары ғана емес, жалпы адамзатқа келген биік адамгершілік, ахлақтық ғибраттың үлгісі.

Пайғамбарлық 40 жасында келген. 63 жасында қайтыс болған. Мұхаммед есімі «Мақталатын», «Мақтауға лайықты» деген мағынаны білідіреді.

Мекке (араб.: مكة *Макка*, сондай-ақ مكة المكرمة *Макка ал-Муккаррама*) — Сауд Арабиясының батысындағы қала, Қызыл теңізден шамамен 100 км қашықтықта орналасқан. Мұсылмандардың қасиетті қаласы болып саналады.



Медине, (араб.: المدينة المنورة — мәдинәт ән-нәби-пайғамбар қаласы) — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Сауд Арабиясындағы Иасриб қаласы 622 ж. Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) көшіп барғаннан кейін Медине деп аталды.



Мерекелері



АШУРА күні

Ашура (ежелгі еврей тілінде «асор, араб.: عاشوراء түбірі «Шр - «оныншы болу»). Алғашқыда, Мұхаммедтің (салла-ллаһу-алейһи уаа сәллам) Мединеге қоныс аударғаннан кейін яхудилерден үйренген 10 мұхаррам күнгі ораза. Кейін Рамазан айындағы ораза ұстау парызы бекігеннен кейін Ашура еріктілікке айналды. Қазіргі кезде Ашура мұхаррамның алғашқы он күндігі шиит имамы әл-Хұсайынға арналған азалы күндер ретінде аталып өтіледі.

Рамазан — (араб.: رمضان — рамадан, ислам күнтізбесінің 9-шы айы) — Хижра күнтізбесінің тоғызыншы айы. Бұл айда мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Яғни, таң сәреден күн батқанша ішіп-жеуден, жыныстық қатынасқа барудан, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін пәк ұстап, күнә істерді тоқтатады. Рамадан сөзі «күйдіру, өте ыстық» дегенді, яғни өткен күнәларды күйдіріп, өшіруші деген мағына білдіреді



Құрбан айт (Араб тілі: عيد الأضحى *‘Īd ul-’Aḍḥā*, Урду тілі: بقر عيد) – мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол «ораза айттан» кейін 70 күннен соң басталып, 3 күнге созылады. Бұл күндер Ұлы Меккеге қажылықпен аяқталады. Айт күндері Аллаһқа арнап құрбандық шалады, мал сояды (жылқыдан басқа). Бұл мұсылмандардың негізгі міндеттерінің бірі



Қадір түні (араб. **لَيْلَةُ الْقَدْرِ** — Ләйләт-ул-Қадір) — қасиетті түн. **Ораза** (**Рамазан**) айының соңғы он күнінің бірінде болады. Бұл түн туралы **Құран Кәрімнің “Қадір сүресінде”** айтылған. Бес **аяттан** тұратын сүреде **Құранның** Қадір түнінде түсірілгендігі, оның мың айдан қайырлы екендігі, бұл түнде **Жәбірейіл періште** Алла әмірімен жер бетіне түсіп, адамдарға қызмет ететіндігі және таңға дейін тыныштық болатындығы айтылады. Қадір түні періштелер **мұсылмандарға** дұға оқып, тілеулес болады.



МӘУЛИД мейрамы

Мәулид мейрамы ([араб.:](#) [مَوْلِدُ النَّبِيِّ](#)) —

пайғамбарымыз [Мұхаммед](#) صلی اللہ علیہ وسلم туған күнін тойлау рәсімі.

Бұл мереке [Рабиғ әл-әууәл](#) айының 12-күні тойланады.

Дүниедегі барлық адамдарға пайғамбар ретінде жіберілген, пайғамбарлардың ең соңғысы және ең үстемі [Мұхаммед](#) «алейһиссалам» 571 жылы сәуірдің 20-на сай келетін рабиуләууәл айының 12-сі дүйсенбі күні түнде таңға жақын [Меккеде](#) дүниеге келді. Барлық пайғамбардың үмметі өз пайғамбарларының туған күнін тойлайды. Бүгін де мұсылмандардың мерекесі. Қуаныш пен шаттық күні. Әлемдегі мұсылмандар тарапынан жыл сайын бұл түн «мәуліт түні» болып тойланады, барлық жерде мәуліт қасидасы, өлеңдері оқылып, расулуллаһ еске алынады.

КИШМ ЭДЕБИ



Абайя — негізінде 'аб̄а-
а (араб.: عباءة), кейде '
аб̄айя (араб.: عباية).

Солтүстік Африка мен Таяу
Шығыстағы мұсылман әйе
лдер киетін кең халат-
көйлек. Дәстүрлі абайя
қара түсті квадратты
матадан тұрып, әйел
адамның денесін
толығымен жабады (қол
мен беттен басқа).




Иқал (араб.: عقال) — жүннен немесе жібектен тоқылған бау. Куфияның сыртынан байланып, бас киім болады. Арабтар мен бәдәуилердің дәстүрлі бас киімі.



Бурқа (араб.: برقع) — әйелдің денесін және бетін толығымен жабатын киім үлгісі.



Ниқаб — кейбір мұсылман әйелдердің бетін бүркеп, тек көзі ғана көрісететін жамылғы^ш. Кей адамдар ниқаб пен бурқанын арасында айырмашылық жоқ деп ойлайды, бірақ ниқаб деген бетті бүркейтін киім болса, бурқа деп әйелдің денесін басынан бастап жерге шейін жауып тұратын киімді атайды. Ниқаб араб елдерінде, әсіресе Сауд Арабиясында, Йеменде, Бахрейнде, БАӘ кең таралған. Сонымен қатар Сирия, Сомали, Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан елдеріндегі әйелдер де киеді.



Сәуб — негізінен ақ матадан тігілетін ұзын жеңді жейде.
Дәстүрге сай негізінен икалмен және куфиямен бірге
киіледі. Сәуб мақтадан тігіледі, алайда салқын жақтарда
(әсіресе Ирақ пен Сирияның салқын климатында) жүннен
де тігілуі мүмкін.



Хиджаб (араб.: حجاب — «қалқан», «шымылдық») — мұсылман әйелінің көшеге шыққанда бетін, денесін жасыру үшін киетін киімі. Ең алғаш Мұхаммед пайғамбардың صلى الله عليه وسلم әйелдері ғана хиджабпен жүретін болған, кейін барлық мұсылман әйелдері осы салтты ұстанған.



Тақия – ерлердің жеңіл бас киімі.

Тақияның түрлері көп. Биік
төбелі, тегіс төбелі
және үшкір төбелі тақия



Құран немесе **Құран Кәрім**— Ислам дініндегі негізгі киелі кітап. Мұсылмандар оның Мұхаммед пайғамбарға صلی اللہ علیہ وسلم ақиқатты баян ету үшін түсірілгендігіне, адамзатқа одан үзілместен жеткен Аллаһтың сөзі екендігіне сеніп, иман келтіреді. Оны оқу (тиләуәт) арқылы Аллаһқа құлшылық қылады.. Құран уахидың түскен жері мен уақытына байланысты меккелік және мединелік боп бөлінген 114 сүреден тұрады.



Мешіт - (араб.: مسجد [ˈmæsdzid] - мәсджід «сәжде ететін жер») Мұсылмандар құлшылық ететін ғимарат.^[1] Діни аңыздарға қарағанда алғашқы мешіт 7 ғасырдың 1-ширегінде Медине қаласаның жанындағы Кұбыла деген елді мекенде салынған. Төбесі кұрмаағашының жапырақтарымен жабылған төртбұрышты үй болған. Мешітке мұсылмандар намаз оқу, діни өсиеттерді тыңдау және қоғамдық мәселерді талқылау үшін жиналатын болған.



Негізгі архитектуралық типтер

-Арабтық тип


-Парсылық тип

-Османдық тип



Арабтық тип

Әл-Харам мешіті



Парсылық тип *Калян мешіті*



Османдық тип

Сұлтанахмет мешіті



Медресе - (араб.: مدرسة, медраса - оқу) - орта (сирек жағдайда жоғары) конфессионалдық мұсылмандық мектеп. Дін қызметкерлерін, мұсылман бастауыш мектептерінің мұғалімдерін және Таяу, Орта Шығыс, тағыда басқа елдердің мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын орта және жоғары мұсылман мектептері.



Рибат, рабат (араб.: رباط — қонақ үй)
Діншілдік жолындағы қарулы
күрескерлер тұратын қамал.



Орта Азиядағы ислам

архитектурасы



Ахмет Ясауи кесенесі — [Түркістан қаласында](#) XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық [ғимарат](#). [Қожа Ахмет Ясауи](#) дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене [мазарға](#) жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды





Бұхара (өз.
Vuxoro)


— Өзбекст
ан Республ
икасындағ
ы қала,
Бұхара
облысының
орталығы.

Самарқан (өз. *Samarqand*) — Өзбекстан
Республикасындағы ежелгі қала, өзі аттас
облыс орталығы. Зеравшан өзен аңғарында
орналасқан



Тәж Махал - Үндістандағы ең әйгілі ғимарат және ЮНЕСКО әлемдік мұранысаны. Делиден 204 шақырым жерде орналасқан. Әлемге танымал бұл монумент Агранның жанындағы Жанума өзенінің жағалауында орналасқан.

Тәж Махал кесенесін Ақсақ Темірдің ұрпағы Жақан шах 13 бала туып, 14-інші баладан қайтыс болған тоқалы *Мұмтаз Махалға* арнап салдырған.



Джама мұнарасы-Ауғаньыстанның
солтүстік-батысында орналасқан
мұнара



Ислам

әдебиеті — Ислам діні
нің шариғатына, оның
заңдарына немесе
сенім-нанымына
арналған кітаптар
немесе Исламның
тікелей әсерінен,
мұсылмандық
ортасында дүниеге
келген әдеби көркем
шығармалар



Мың бір

ТҮН – араб

әдебиетінің орта ғасырдағы классикалық шығармасы.

Бұл прозалық жинаққа үш жүздей аңыз-әңгімелер, новелла, ертегілер топтастырылған. “Мың Бір Түн” белгілі бір қаламгердің шығармасы емес, араб-парсы, үнді халықтарының әр кезеңде туындаған ауыз әдебиеті үлгілері.



АЛТЫ хадистер жинағы

Деректердің сенімділігі бойынша:

1. Сахих әл-Бұхари Имам Мұхаммед әл-Бұхари 7275 хадистер жинағы кіреді
2. Сахих Мұслим жинаған Мұслим ибн әл-Һаджадж кітабқа 9200 хадистер жинағы кіреді
3. Сунан әл-Суғра жинаған Ән-Нәсә'и
4. Сунан Әбу Дәуід жинаған Әбу Дәуіт
5. Жамиғ әл-Тирмизи жинаған Имам әт-Тирмизи
6. Сунан ибн Маджа



Ислам дінінің 5 парызы:

-Иман келтіру

-Бес уақыт намаз оқу

-Рамазан айында ораза
ұстау

-Зекет беру

-Қажылыққа бару



НАЗАР

АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!